

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина**



**ШЖМ 5-9-СЫНЫП ПӘНДЕРІ БОЙЫНША  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ҮШІН  
САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО СОСТАВЛЕНИЮ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫХ  
ЗАДАНИЙ ДЛЯ ОЦЕНИВАНИЯ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ  
ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ПРЕДМЕТАМ 5-9 КЛАССОВ МКШ**

Нұр-Сұлтан  
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 16 қыргүйектегі № 7 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №7 от 16 сентября 2020 года).

ШЖМ 5-9-сынып пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін сараланған тапсырмаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 272 б.

Методические рекомендации по составлению дифференцированных заданий для оценивания учебных достижений обучающихся по предметам 5-9 классов МКШ. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 272 с.

Әдістемелік ұсынымдарда ШЖМ біріктірілген сыныптарындағы бейіналды даярлықты ескере отырып, оқыту мазмұнын саралау мәселелері, ШЖМ 5-9 сыныптарында сараланған тапсырмаларды құрастыру ерекшеліктері қарастырылады. ШЖМ мұғалімдерінің орта буын білім алушыларын бағалау және оқытуды дараландыру үшін сараланған тапсырмаларды пайдалануы бойынша талдау жүргізіліп, зерттеу (сауалнама) нәтижелері ұсынылды.

Аталған әдістемелік ұсынымдар шағын жинақталған мектеп педагогтарына, білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлеріне, ауыл мектептері педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселелерімен айналысатындарға ұсынылады.

В методических рекомендациях изучены вопросы дифференциации содержания обучения с учетом предпрофильной подготовки в совмещенных классах МКШ, особенности составления дифференцированных заданий в 5-9 классах МКШ. Проведен анализ и представлены результаты исследования (анкетирования) по использованию учителями МКШ дифференцированных заданий для оценивания и индивидуализации обучения обучающихся среднего звена.

Данные методические рекомендации для педагогов малокомплектных школ, руководителей и методистов организаций образования по вопросам повышения профессиональных компетенций педагогов сельских школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2020

© Национальная академия образования  
имени И. Алтынсарина, 2020

## Кіріспе

Білім беруді дамыту мәселелері Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың жіті назарында, мәселен, 16.08.2019 жылы мұғалімдердің тамыз конференциясында ол білім беру сапасын жақсарту бойынша кешенді шаралар қабылдауды ұсынды. Қазіргі Президент Қ. Тоқаев 2019 жылғы 20 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын қысқартудың маңыздылығын атап өтті. Бұл кездейсоқ емес, себебі білім беру сапасы, ал одан әрі қазақстандықтардың өмір сүру сапасы да мұғалімдерге тікелей қатысты [1]. Қазақстанда біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептер саны артты. ҰБМБ мәліметтері бойынша, 2019 жылдың 1 қарашасында олардың саны 8690-ға жетті. Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздің педагогикалық әлеуетін дамыту саласындағы проблемаларды шешу бойынша шаралар көзделген. Олардың ішінде ең бастысы – қалалық және ауылдық мектептер, өңірлер, оқу орындары, білім алушылар арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту. Білім және ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-шараларға талдау жүргізілді, Қазақстанның білім беру жүйесінің әлсіз жақтары анықталды, олардың ішінде ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтық пен бастауыш мектеп білім алушыларына арналған оқу жүктемесінің ауырлығы сияқты мәселелер көрсетілген [2]. Осыған сәйкес қала және ауыл мектептерінде білім беру сапасының алшақтығын қысқарту бойынша міндеттер қойылды. Оқу үдерісінде сараланған тапсырмаларды пайдалану ауылдық мектептерде білім сапасын арттыруға ықпал ететін болады. Бұл әдістемелік ұсынымдардың өзектілігін негіздейді. Әдістемелік ұсынымдар біріктірілген сыныптарда жұмыс істейтін шағын жинақты мектептердің педагогтарына арналған.

*Зерттеу пәні* бастауыш буын білім алушыларына арналған дифференциалды тапсырмалар болып табылады. *Зерттеу объектісі* – орта білім беруді жаңарту жағдайында ШЖМ-ның бастауыш буынының оқу үдерісін ұйымдастыруда сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

*Мақсаты:* ШЖМ-ның бастауыш сыныптарында сабақ ұйымдастыру үшін сараланған тапсырмаларды құрастыру және мұғалімнің әдістемелік жинағын байыту бойынша әдістемелік көмек көрсету. Әдістемелік әзірлеменің мақсаты – шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің бастауыш мектепте сабақ өткізуде сараланған тәсілді қолдану арқылы оқу үдерісін дараландыру мен дербестендіру, оқу жетістіктерін бағалау үшін сараланған тапсырмаларды құрастыру бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Аталған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер қойылды:

– ШЖМ бастауыш сыныптарында дифференциалды (сараланған) тәсілдің ерекшеліктерін ашу;

– ШЖМ бастауыш сыныптарында жұмыс істейтін педагогтардың білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін сараланған тапсырмаларды құрастыру және өткізу бойынша жүргізілген зерттеу (сауалнама) нәтижелерін

және негізгі қиындықтарды талдау;

– біріктірілген сыныптарда оқу мақсатына қол жеткізу үшін әртүрлі оқу пәндері бойынша бастауыш оқытуда саралау тәсілдерін көрсету;

– ШЖМ-да педагогикалық үдерісті жақсарту бойынша нақты әдістемелік ұсыныстар жасау.

– сабақ барысында 5-9 сынып білім алушыларын бейіндеу үшін сараланған тапсырмалар құру арқылы ШЖМ-дағы педагогикалық үдерісті жақсарту бойынша нақты әдістемелік ұсыныстар беру.

*Оқу құралының ғылыми жаңалығы* ШЖМ-нің 5-9 сыныптарының пәндері бойынша сабақ жүргізетін педагогтардың білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін сараланған тапсырмаларды қолдануын негіздеуден тұрады. Online форматта әлеуметтік сауалнама жүргізу педагогтардың сараланған тапсырмаларды құрастыру және пайдалану кезінде кездесетін негізгі қиындықтарын ашуға мүмкіндік берді.

Орта буын бейіналды сыныптарда негізгі пәндердің сараланған тапсырмаларын дайындауға арналған әдістемелік ерекшеліктер мен әдістемелік ұсыныстар берілген.

*Практикалық маңыздылығы* әдістемелік ұсынымдардың материалдары ШЖМ мұғаліміне оқытудың нәтижелілігін арттыру және саралауды жүзеге асыру үшін тиімді конструктивтік тәсілдерді жоспарлауға көмектеседі. Бұл жұмыс педагогтардың оқу үдерісінде саралаудың барлық тәсілдерін қолдану және оқу үдерісін жоспарлаудағы мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Әдістемелік ұсыныстарды жазудың теориялық алғышарты шетелдік және отандық ғалым-зерттеушілердің еңбектері болды: Томлинсон (2005), Вайнштейн (2002), Мечинский Н.А. (2000), И.П.Подластого (1998), Г. К. Селевко (2003), В. А. Крутецкий (2005), А. К. Маркова (2006), Л. В. Занкова (2006).

## **1 ШЖМ біріктірілген сыныптарында бейіналды дайындықты есепке ала отырып оқыту мазмұнын саралау**

ҚР «Білім туралы» Заңында бейіндік оқытуға жалпылама анықтама беріледі. «Бейінді оқыту – білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау үдерісі, білім беру үдерісін ұйымдастыру» [4].

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында, бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылады. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдайды. Стандарттық деңгейдегі оқу пәндеріне қарағанда, бейінді оқытудың тереңдетілген деңгейдегі оқу пәндеріне сағат саны көп бөлінеді. Стандарттық деңгейде білім алушылар мен олардың ата-аналарының таңдауы негізінде қалыптасатын бейінді емес оқу пәндері оқытылады. [5].

Білім алушыларды жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша даярлау бейіндік білім беруге қойылатын мынадай талаптар негізінде жүзеге асырылады:

- жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейінді оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

- білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дайындық деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

- міндетті оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер жалпы орта білім берудің базалық мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылады.

- міндетті оқу пәндері қатарына «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), «Ана тілі» мен «Әдебиет» (оқыту ұйғыр/өзбек/тәжік тілінде жүргізілетін сыныптар үшін), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), «Орыс тілі мен әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), «Шетел тілі», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Өзін-өзі тану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері енеді.

- әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшелігін ескеріп оқу пәндерінің мазмұнын анықтауға негіз болады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына «Биология», «Химия», «Физика»,

«География» пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері енеді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы тереңдетілген деңгейде оқытылатын оқу пәндері қатарына «Шетел тілі», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Құқық негіздері» пәндері енеді. Осы бағыттағы бейінді оқытудың стандарттық деңгейдегі оқу пәндері қатарына «Физика», «Химия», «Биология», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәндері енеді.

Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларында оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарымен нақтыланады.

Оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке-дара даму траекторияларын қалыптастыруға және оларды орта білім беру ұйымын аяқтағандағы оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен жетуге жағдай жасайды.

Бейіндік оқытуды аралас білім беру ұйымдарында сәтті ұйымдастыруға болады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымын қоспағанда, меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, құрамдастырылған білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген құрамдастырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында айқындалған.

Аралас білім беру ұйымдарының негізгі түрлері:

- 1) мектеп-гимназия;
- 2) мектеп-лицей;
- 3) қосымша білім беру мектеп-орталығы;
- 4) мектеп-интернат-колледжі;
- 5) оқу-сауықтыру орталығы (кешен);
- 6) оқу-өндірістік комбинаты (мектепаралық, курстық);
- 7) оқу-тәрбие орталығы (кешен);
- 8) оқу орталығы.

Аралас білім беру ұйымдарына, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады [6].

Сыныптарды (топтарды) ұйымдардың типтері мен түрлері бойынша жинақтауды Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы жүзеге асырады.

ШЖМ-ның біріктірілген сыныптарындағы оқыту мазмұнын саралау бейіналды даярлық ескеріле отырып жүргізілуі тиіс. Бұл туралы 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айтылған. Қазақстанда қала және

ауыл мектептер арасындағы білім беру сапасының алшақтығы себептеріне талдау жүргізілді. Алшақтық себептерінің арасында қазіргі әлемде рөлі артып келе жатқан қосымша, бейресми және бейінді білімге қол жеткізудегі теңсіздікпен күшейтілетін білім берудегі теңсіздік жатады. Бүгінгі таңда жас адамның өмірінде оқытудың 70 %-ға жуығы формальды емес білім беру жағдайында: отбасында, құрдастар тобында, жастар ұйымдарында, үйірмелерде өтуде. ЭЫДҰ-ның 22 елінде және ЭЫДҰ-ға әріптес 14 елде сыныптан тыс ғылыми іс-шаралар көп өткізілетін мектеп білім алушыларының осындай іс-шара аз өткізілетін мектептің білім алушыларына қарағанда PISA-дағы жаратылыстану ғылыми сауаттылық деңгейі анағұрлым жоғары екенін көрсетті. ЭЫДҰ елдерінде орташа есеппен білім алушылардың 56 %-ы ғылыми жарыстарға қатысады, білім алушылардың 48 %-ы сыныптан тыс ғылыми жобаларға барады [2].

Бейіндік оқыту негізгі жалпы білім беру деңгейіндегі бейіндік білім берудің ішкі жүйесі ретінде түсініледі, дайындық функциясын орындайды, білім алушылардың элективті курстарды таңдау еркіндігі мен өзгермелі принциптерін жүзеге асырады. Бейіналды оқыту – білім алушылардың бейімділік пен қызығушылыққа сәйкес келетін әртүрлі бейіндер бойынша оқу қабілетін объективті бағалаудың, білім алушылардың сапалы білім алуға күш салуға дайындығын қалыптастырудың, таңдаған бейіні бойынша оқуға деген оқу уәждемесінің жоғары деңгейінің негізі болып табылады.

Бейіналды дайындықтың мәні – таңдау бойынша курстарды ұйымдастыру, ақпараттық жұмыс және бейінді бағдарлау арқылы 8-9 сынып білім алушыларының өзін-өзі анықтауына ықпал ететін білім беру кеңістігін құру. 9-сыныпта профилге дейінгі дайындықтың негізгі міндеті – білім алушылармен әрі қарай оқу жолын негізді және өмірлік маңызды таңдау бойынша кешенді жұмыс.

Бейіндік сынып (топ) жалпы орта білім беру деңгейінде (10-11 сыныптар) құрылады және жекелеген пәндерді, білім беру салаларын немесе бағыттарды жоғары деңгейде зерделеуді көздейді.

Бейіналды сыныптар (топтар) негізгі жалпы білім беру деңгейінде құрылады және пәндерді кеңейтілген және (немесе) тереңдетілген деңгейде оқытуды көздейді. Бейіналды және оқыту бейінін анықтау кезінде негізгі шарттар:

- әлеуметтік сұраныс (білім алушылардың қажеттіліктерін есепке алу);
- мектептің кадрлық мүмкіндіктері; білім беру ұйымының материалдық базасы;
- түлектердің кәсіби білім алу перспективалары.

Бейіналды даярлық сыныптарында оқу пәндерін, элективті курстарды оқыту ҚР Білім және ғылым министрлігінің үлгі бағдарламаларына сәйкес әзірленген бағдарламалар бойынша немесе белгіленген тәртіппен бекітілетін авторлық бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

Бейіналды даярлық сыныптарының (топтарының) оқу жоспарында ақпараттық жұмысқа арналған сағаттар; кәсіптік кеңес беру және кәсіптік бағдарлау жұмысы; базалық оқу жоспарының вариативтік бөлігінің сағаттары

есебінен білім алушылардың таңдауы бойынша зерттеу қызметі шеңберінде элективті курстарды, топтық және жеке сабақтарды қоса алғанда, білім алушылардың таңдауы бойынша курстар көзделеді.

Бейіналды даярлық сыныптары білім алушыларының жүктемесі жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының компонентімен және санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарымен белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінен аспауы тиіс.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жас ұрпақты тәуелсіз өмірге дайындау, бастамашыл, шығармашылық, кәсіпкерлік тұлғаны тәрбиелеу және дамыту, оның болашақ кәсіби мансабындағы өзін-өзі анықтау ерекше маңызға ие. Түлек тек білімді адам ғана емес, өмірлік жағдайға бағдарлай алатын және қабілетті болуы керек. Мектептегі білім – бұл әрі қарай оқу және мамандық алудың негізі саналады.

Көптеген мектептерде оқу пәндері екі деңгейде – *базалық* және *бейіндік* деңгейде ұсынылатыны белгілі. Стандарттың екі деңгейі де жалпы білім беру сипатына ие, бірақ олар әртүрлі міндеттер кешенін басым шешуге бағытталған.

Оқу пәні стандартының *базалық деңгейі* білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған және көбінесе жалпы білім берудің дүниетанымдық, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерімен, әлеуметтену міндеттерімен байланысты.

Оқу пәні стандартының *бейіндік деңгейі* білім алушының жеке бейімділігіне, қажеттіліктеріне қарай таңдалады және оны кейінгі кәсіптік білім беруге немесе кәсіби қызметке дайындауға бағытталған.

*Бейіналды оқыту* не береді?

Бейіналды оқыту тек 8-9 сыныптарда ғана емес, сонымен қатар білім алудың ерте кезеңдерінде де мүмкін. Қазірдің өзінде 5-сыныпта стандарттар шегінен шығып, сапалы білім алуға мүмкіндік беретін оқу іс-шараларының кешені ұсынылады.

Бейіналды оқытудың оқу іс-шаралар кешені:

– Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы мен пәндік қалауын анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сабақтар;

– оқылатын пәндерге сағатты ұлғайту (таңдалған бейіндікке байланысты);

– осы білім салаларында жатқан элективті курстар жүйесі.

*Бейіндік оқыту* дегеніміз не?

Орта білім беру жүйесінің жоғары сыныптарында бейіндік оқыту таңдалған бейіндегі пәндерді тереңдетіп оқыту мүмкіндігін көздейді. Оқытылатын пәндерді тереңдету пәнге қосымша сағат бөлу және нәтижесінде жалпы білім беру сабақтарының жоспарларынан тыс мәселелер шеңберін қосу және қарастыру арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім берудің негізгі міндеті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін ұштастыру негізінде жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды жүзеге асыру болып табылады.

Жалпы орта білім беру бейіндік оқыту негізінде екі бағыт бойынша жүзеге асырылады: қоғамдық-гуманитарлық бағыты және жаратылыстану-математикалық бағыты.

Саралап оқытуды іске асыру және білім алушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында екі бағыт шеңберінде жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту үшін ҮОЖ-ға сәйкес аралас (ұқсас) пәндер бойынша оқытуды бейіндеу енгізіледі.

*Бейіналды дайындық* – бұл болашақ оқытудың негізгі бағыттары мен кейінгі кәсіптік бағдарлаудың кең саласына қатысты негізгі мектептің жоғары сынып білім алушыларының өзін-өзі анықтауына ықпал ететін педагогикалық, психологиялық, педагогикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет жүйесі.

9-сыныптан бастап білім алушыларға бейінге дейінгі оқытуды әртүрлі практикалық іс-әрекеттерді енгізу арқылы енгізу тиімді (мысалы, әртүрлі жұмыс бағыттары бойынша жобалар әзірлеу және ұсыну).

Оқу орны аясында жүзеге асырылатын бейіндік дайындық үдерісінде білім беру бағдарламалары білім алушыларға әртүрлі бағыттар бойынша білім беру қызметтерінің кең спектрін ұсынады. Білім алушыларды бейіналды даярлаумен айналысатын педагогтар оларға өздерінің даму жолдарын іздеуде көмек көрсетеді. Білім алушылар мен оның ата-аналарымен (қамқоршыларымен) бірге олар білім алушының сұраныстары мен қажеттіліктерін ескере отырып, сондай-ақ бейіналды даярлықпен жүзеге асырылатын жеке білім беру бағдарламасын жобалай алады [7].

Сондай-ақ, білім алушылардың бейінге дейінгі дайындығы 9-сынып білім алушыларына орта мектепте одан әрі оқудың басым бағытын анықтауға көмектесетін жоспарланған оқу бағдарламалары мен іс-шаралар кешенінің шартты атауы деп айтамыз. Егер бейіндік мектеп оқу жоспарларын әртараптандырумен, «білім беру траекторияларының» әртүрлілігімен сипатталса, онда бейіналды даярлық, мәні бойынша тек 18-20 сағаттан (білім алушылардың таңдауы бойынша) арнайы курстарды ұсынады. Бұл бейінге дейінгі курстар білім алушыларға белгілі бір пәндер бойынша білімдерін тереңдетуге немесе кеңейтуге көмектесетін бұрын жүргізілген факультативтер сабақтардың негізінде пайда болды деуге болады.

Мектепте таңдау курстары, ақпараттық жұмыс және бейіндік бағдар арқылы жүзеге асырылатын бейінге дейінгі дайындық, ата-аналармен жұмыс, қарым-қатынасты кеңейту, дамып келе жатқан технологияларды, оқытудың жаңа белсенді жүйелерін қолдана отырып жүзеге асырылса, *тиімді* болады, мұнда пән мазмұны білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру құралы болып табылады.

Негізгі мектептің жоғары сыныптарындағы бейінге дейінгі дайындық білім алушыға оқу бейінін саналы түрде таңдауға, яғни бастапқы кәсіби өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

Таңдау неғұрлым дұрыс жасалса, жас жігіттің көңілі мен қиындықтары соғұрлым аз болады және болашақта қоғам жақсы кәсібиге ие болады.

9-сыныпты аяқтайтын білім алушылар тек бейінді оқытуға ғана емес, одан әрі өмірлік, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға да дайын болуы тиіс.

Бастауыш мектепте балалар ойын түрінде мамандық әлемімен танысады. Рөлдік ойындарға, интерактивті викториналарға қатыса отырып, баланың өз жас ерекшеліктеріне сәйкес туралы алғашқы ақпаратты игеруге мүмкіндік алады.

Орта буынға көшуге дайындала отырып, әр оқушы «Өз жұлдызыңды жарқырат», «Ата-анамның мамандықтары» жобаларына, «Менің болашақ мамандығым» суреттер байқауына қатысады.

Портфолио құру – бұл балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен қызықты жұмысы.

Шағын жинақталған мектепте оқу үдерісін ұйымдастыру үшін мынадай педагогикалық технологиялар неғұрлым тиімді болып табылады: деңгейлік, сараланған оқыту, оқытудың ұжымдық тәсілі, дидактикалық бірліктерді ірілендіру, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, дамыта оқыту, модульдік оқыту, оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту және т. б.

ШЖМ-да қашықтықтан оқытуды енгізу жеке және дербес оқытуды кеңінен қолдану арқылы әртүрлі жастағы ұжымдардағы педагогикалық қызметтің қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланатын электрондық оқыту бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құру, бейіналды даярлау және бейіндік оқыту үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл бағытта Bilimland ([www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz)) білім беру платформасының физика, химия, биология, математика және жаратылыстану пәндерінен виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдану ұсынылады. Цифрлық білім беру ресурстарының базасын (бұдан әрі – ЦБР) техникалық талаптарға сәйкес үдеріссорға немесе ноутбукке орнатуға болады. Бұл жағдайда педагог қызмет етуші ретінде әрекет етеді, оның қызметі ақпаратты көбейтуге емес, білім алушыны оқу-танымдық үдерісте психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған. Оқу материалын өз бетінше игеру ептілігі мен дағдыларын меңгерген білім алушылар да мұғалімдердің көмекшілері бола алады.

Шағын жинақты мектептегі оқу үдерісі аяқталу, үздіксіздік, интеграция, икемділік, жеке тәсіл, вариативтілік, дербестік, интерактивтілік, ынтымақтастық және т. б. принциптеріне негізделген. Шағын жинақталған мектеп мұғаліміне аталған қағидаттарды іске асыруда баға жетпес көмекті әртүрлі жастағы өзара іс-қимыл мен пәнаралық интеграцияның барлық аспектілерін ескеретін бейне сабақтар көрсете алады.

Бейне сабақтар мектептерде, әсіресе ауылдық шағын жинақталған және шалғайдағы мектептерде оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ететін педагогикалық құралдардың бірі болып табылады. Бұл мектептер аналогтық байланыс желілеріне ие бола отырып, қазіргі заманғы техникалық және инновациялық шешімдерімен бірыңғай ақпараттық - білім беру ортасынан

оқшауланған күйінде қалып отыр. Сондықтан, ЦБР мектеп базасын құру осы мектептердегі білім сапасын арттыруға және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесін едәуір алға жылжытуға, кейбір жағдайларда тіпті пән мұғалімдерінің жетіспеушілігін толтыруға мүмкіндік беретін өзекті міндет болып табылады.

Оқу бейнефильмдері бүгінгі таңда мектеп бағдарламасы негізінде жасалған, бірақ оқу материалын кеңейтуге мүмкіндік беретін қосымша ақпаратты қамтиды, олар қызықты әрі қанық болады. Оқу үдерісінде бейне сабақтарды пайдалану кезінде шағын жинақты мектептерде оқытудың ерекшеліктерін ескеру қажет.

Білім алушылардың бір жас тобы үшін сыныптарды біріктіру кезінде бейнесабақтарды пайдалану басқа топтың білім алушыларын сабақтан алшақтатады. Сондықтан жаңа тақырыпты зерттеу үшін сабақтарды бөлек өткізу қажет. Бұл жағдайда икемді сабақ кестесін құру қажет.

Мысалы, жоғары сыныптардағы алгебра сабақтарында бейне сабақтарды қолдана отырып, жаңа тақырыпты зерттеуге аптасына 2 сағат бөлінеді, олар бөлек өткізіледі, ал 3 сағатты материалды шоғырландыру және сыныптарды біріктіру жағдайында есептерді шешу үшін қолдануға болады. Әрбір нақты жағдайда (пән, сынып) сабақты мұқият жоспарлау қажет. ЦБР арқылы мұғалімдердің жұмысын жеңілдету сабақтарды мұқият әзірлеумен өтелуі керек: материалды шоғырландыруды жоспарлау, жаттығу жаттығулары, Дағдылар мен дағдыларды дамыту, білімді бақылау, өзіндік жұмысты ұйымдастыру, жұптар мен топтарда оқыту, шығармашылық жұмыстарды орындау, оқушылармен жеке жұмыс. ЦБР-ды пайдалану оқытушылардан өзін-өзі оқыту дағдыларын игеруде мұғалімнің рөлін оқытудан бастап үйлестіру мен тәлімгерлікке дейін түбегейлі өзгертеді. Оқытылатын пәннің ерекшеліктерін және оқытушының тәжірибесін ескере отырып, ЦБР-ды қолданудың және демонстрациялық материалды таңдаудың өзіндік әдістері болуы керек. Ал олардың тиімділігі көп жағдайда мұғалімнің білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруына байланысты. Сондықтан танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың принциптерін ерекше атап өту керек.

#### 1) *Белсенді қабылдауға орнату.*

Мақсатты орнатусыз бейнематериалдарды пассивті ойлау әдеттегі сабаққа қарағанда білім деңгейін төмендетеді, өйткені білім алушылар негізгі тұжырымдар мен жалпылауға зиян келтіретін екінші эпизодтарды еріксіз есте сақтайды.

Білім алушылар бейнематериалдардан барлық қажетті ақпаратты алуы үшін бейнежазбаны көргенге дейін олардың алдына негізгі танымдық міндеттерді қою және алдағы оқу тапсырмалары туралы хабарлау қажет. Бұған білім алушыларға бейнематериалды көргеннен кейін жауап беруі тиіс сұрақтар қою арқылы қол жеткізіледі. Егер олар шығармашылық жұмысты аяқтауы керек болса, онда алдын-ала, сабақта бейнематериалды қолданар алдында бірнеше сабақ болса, оларға бұл туралы ескертіп, қосымша әдебиеттерді ұсыну керек. Сыныпта жалпы қызығушылық атмосферасын құру үшін негізгі сұрақтарға назар аударатын қысқаша кіріспе сөзді қосуға болады.

Саралап оқыту әдісі бейіндік сыныптарда оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдісі ретінде қолдануға болады.

Естеріңізге сала кетейік, мектеп алдына қойылған қоғам талаптарын орындай отырып, білімді және жан-жақты дамыған жастарды даярлау жолында мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері мен әдістері бар. Олардың ішінде сараланған оқыту әдісін атап өтуге болады.

Бір оқу бағдарламасы бойынша және бір сыныпта оқитын білім алушылар оқу материалдарын зерделеп қабылдай алады. Сыныптағы білім алушылардың қабілеттері, білім деңгейлері әртүрлі болғандықтан, сараланған оқыту арқылы оқытудың тиімді әдістерін іздеу қажет. Сараланған оқыту барысында білім алушыларға танымдық қажеттіліктеріне, қабілеттері мен қызығушылықтарына байланысты оқу материалдарының күрделілігі мен көлемін таңдауға мүмкіндік беріледі. Сараланған оқыту оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқудағы деңгейлік саралаудың негізгі мақсатты бағыттары: әр білім алушыны оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту; білім алушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктері бойынша оқытуды бейімдеу.

Сыныпты саралаудың жалпы қабылданған жеті тәсілі бар:

Тапсырма: бұған білім деңгейі әртүрлі білім алушыларға арналған тапсырмалар; білім алушылардың қажеттілігі бойынша әртүрлі схемалар, жаттығулар мен тапсырмаларды орындау (көмек қажет пе немесе күрделі тапсырмалар беру керек пе); біртіндеп күрделене түсетін тапсырмалары бар карточкаларды пайдалану кіреді.

Дереккөздер: кейбір білім алушылар сыныптастарына қарағанда күрделі деректермен жұмыс істей алады; дереккөздердің ауқымы ең қиын сөздер мен маңызды идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін талқылауға негіз бола алатын мәтіндерден ауытқиды; басып шығарылған және электронды дереккөздерді де қолдануға болады; бұл материалды қолданудың ең үлкен көлемін көрсетеді.

Қарқыны: кейбір білім алушылар басқаларға қарағанда тезірек жұмыс істейді; көп күш жұмсауды қажет ететін білім алушыларға қосымша тапсырмаларды қолдануға болады; негізгі міндеттерді түсіндіруде көмекке мұқтаж білім алушыларға аз уақыт беріледі.

Қорытынды: барлық білім алушылар бірдей тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады; мұғалім тапсырма береді, бірақ білім алушылар жалғыз «дұрыс» жауап беру бағытында жұмыс жасаудан гөрі күшті және әлсіз жақтарына байланысты жауап береді; барлық білім алушыларға бағытталған нұсқаулар бере отырып, білім алушылардың әрқайсысы өздерінен не күтетінін түсінгеніне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау: кейбір білім алушыларға тапсырманы орындау барысында егжей-тегжейлі және нақты көмек қажет; мұғалім алдын-ала дайындалған сұрақтарды қоя алады, сондықтан білім алушылар ойланып, жауаптарын алады. Бұл әдісті қолдануда сөзбен қолдау және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау: білім алушылар үнемі бағаланады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа түрлері білім алушылардың қажеттілігі бойынша үнемі түзетілуі мүмкін; педагогикалық қызмет табысқа, жақсартуға, түзетуге

мұқтаж салаларды анықтайтын әмбебап үдерісс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан білім алушының оқуына дейін ілгерілей аламыз.

#### Классификация

Оқытудың болжамды міндеттері бойынша топтар құрудың көптеген пайдалы әдістері бар: ұқсас қызығушылықтары бар білім алушылар (мысалы, қиындық деңгейі және қолдау деңгейі); әртүрлі талаптары бар білім алушылар; Джигсо топтары; кәсіби дағдылармен бөлісетін топтар немесе сарапшылар тобы;

Саралап оқыту – бұл оқу үдерісін ұйымдастыру, онда жеке тұлғаның жеке-типологиялық ерекшеліктері (жалпы және арнайы қабілеттері, даму деңгейі, қызығушылығы, жүйке жүйесінің психофизиологиялық қасиеттері және т.б.) ескеріледі, білім беру мазмұны, оқыту әдістері, ұйымдастырушылық формалары ерекшеленетін білім алушылар тобын құрумен сипатталады.

Саралап оқытудың екі түрі ерекшеленеді: сыртқы және ішкі (сыныпшілік) саралау.

Ішкі саралау балалардың кездейсоқ белгілері бойынша құрылған тұрақты топта (сыныпта) оқу үдерісінде жеке-типологиялық ерекшеліктерін ескереді. Топтарға бөлу айқын немесе айқын емес болуы мүмкін, топтардың құрамы оқу міндетіне байланысты өзгереді.

Дифференциация термині (лат. Differentia – айырмашылық) білдіреді бөліктерге бөлу, бүтінді әртүрлі пішіндер мен сатыларға бөлу. Білім алушылардың типтік жеке айырмашылықтарын ескерумен сипатталатын оқу-тәрбие үдерісі сараланған болып саналады. Білім алушыларды саралап оқытудың екі негізгі түрі бар.

Ішкі саралау (оқу жұмысын саралау). Бұл аз немесе көп болсын, тұрақты жеке ерекшеліктері бойынша ерекшеленетін білім алушылар топтары үшін сынып ішіндегі жұмысты ұйымдастыруды көздейді.

Мұғалімнің сыныпшілік саралауды ұйымдастыруы бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Саралау жұмыстары үшін құрылатын білім алушылардың топтарына сәйкес критерийлерді анықтау.

2. Таңдалған критерийлер негізінде диагностика өткізу.

3. Диагностика нәтижелері бойынша білім алушыларды топтарға бөлу.

4. Саралау тәсілдерін анықтау, білім алушылардың бөлінген топтары үшін сараланған тапсырмаларды әзірлеу.

5. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде білім алушылар арасында сараланған тәсілді жүзеге асыру.

6. Білім алушылардың нәтижелерін диагностикалық бақылау, соған сәйкес топтың құрамы және сараланған тапсырмалардың сипаты өзгеруі мүмкін.

Сыныпшілік саралаудың әрбір кезеңін қарастырамыз.

Негізгі мектептердің практикалық іс-әрекетінде білімді меңгерудің мынадай деңгейіне назар аударған ыңғайлы:

- нөлдік деңгей - тану;

- бірінші деңгей - білімді жаңғырту (көбейту);

- екінші деңгей - таныс жағдайда білімді қолдану;
- үшінші деңгей - өзгерген және жаңа жағдайда білімді қолдану.

Сонымен қатар, білім алушының дағдысы мен білікті дамытудың қай кезеңіне жеткенін ескеру қажет.

Дағдыны дамытудың төрт кезеңі бөліп көрсетіледі:

- *Танысу (бағдарлау)* кезеңі – іс-әрекетті орындау тәсілдерімен танысу, әрекеттер туралы жалпы түсінік және оларды елестету, яғни тапсырмадағы жалпы бағдар.

- *Аналитикалық (дайындық)* кезең – іс-әрекеттің жеке элементтерін игеру, оларды қалай орындау керектігін талдау. Бұл кезең іс-әрекеттің саналы, бірақ тәжірибесіз орындалуымен сипатталады.

- *Синтетикалық (стандарттау)* кезең – жекелеген элементтерді біртұтастыққа біріктіру, іс-қимыл элементтерін автоматтандыру.

- *Вариативті (жағдайлық)* кезең – іс-әрекеттің сипатын еркін реттеуді игеру. Іс-әрекеттің икемді, лайықты орындалуы, іс-әрекеттің жағдайға пластикалық бейімділігі.

Оқытылым деңгейі оқу іс-әрекетінің өнімділігімен тікелей байланысты ақыл-ойдың әртүрлі сапасының қалыптасу дәрежесімен анықталады. Мұндай қасиеттерге ақыл-ойдың тереңдігі, икемділігі, саналылығы, дербестігі, ақыл-ой әрекетінің жиынтықтығы мен үнемділігі жатады.

Оқытылымның көрсеткіштеріне:

- жаңа жағдайда бағдарлау белсенділігі;
- неғұрлым қиын тапсырмаларды өздігінен шешу;
- білім беру мақсатына жетудегі табандылық;
- кедергілер, тосқауылдар жағдайында жұмыс істей білу;
- басқа адамның көмегін қабылдау;
- өздігінен білім алу қабілеттілігі;
- жұмысқа қабілеттілік, төзімділік және т.б.

*«Оқытылымның жоғары деңгейіне тән:* ақылды әрекет ету білігі, бағдарлау және ауысуды жүзеге асыру, көмек беруге ашықтық, оқу мақсаттарын өз бетінше қоюға қабілеттілік.

*Оқытылымның төмен деңгейіне тән:* көмек беруге құлқы жоқ, бірақ сонымен бірге көбірек көмек алуға мұқтаж, бастамашылық пен өз бетінше әрекеттің болмауы».

Жалпы оқытылыммен қатар арнайы оқытылым деп бөлінеді.

Оқығандық пен оқытылымның арақатынасы әртүрлі.

Әдетте, жоғары оқығандық - бұл оқытылымның жоғары деңгейінің нәтижесі және керісінше. Бірақ педагогикалық назардан тыс қалған балаларда оқығандық төмен, ал оқытылым өте жоғары болуы мүмкін. Мұғалімдер, әдетте, мұндай білім алушы туралы: «Ол оқуда өзінің толық күшін (мүмкіндігін) пайдаланбайды» деп айтады.

Оқуға дайын, оқығандық және оқытылым сияқты саралаудың негізгі критерийлеріне қосымша басқаларды да қолдануға болады, мысалы: оқуға деген қарым-қатынас, танымдық қызығушылық, оқу мотивтері, танымдық

қабілеттер және т.б. Бірақ олардың барлығы үш негізгі критерийлермен өзара байланысты және оларға қатысты жеке дара болып табылады.

Төменде білім алушылардың үш тобына арналған сараланған тапсырмалардың мысалдары келтірілген:

- бірінші топ – оқытылымы төмен деңгеймен;
- екінші топ – оқытылымы орташа деңгеймен;
- үшінші топ – оқытылымы жоғары деңгеймен.

Мұғалім өз тәжірибесінде сыныптың ерекшелігіне, белгілі бір сабақтың мақсатына, міндеттері мен мазмұнына және басқа да факторларға байланысты саралау критерийлерін таңдайды.

Саралаудың критерийлерін анықтау.

Көптеген мектеп сыныптары көп деңгейлі, өйткені балалар онда ешқандай критерий бойынша арнайы таңдалмаған. Мұғалімдер, әдетте, мұндай сыныптарда топтарды «күшті», «орташа» және «әлсіз» білім алушылар деп бөледі. Сонымен қатар кейбір мұғалімдер топтарға бөлудің негізгі критерийі – мектеп оқушыларының үлгерімі десе, ал басқалары – білім алушылардың қабілеттері деп есептейді.

Саралау тәсілдерін анықтау.

Мұғалім сабақтың түрін, оның мақсаты мен мазмұнын ескере отырып, саралау жұмысының немесе тапсырмаларды дараландырудың қажеттігін анықтайды.

Жаңа материалмен танысу сабақтарына қарағанда, бұрын оқылған материалды жинақтау және қайталау сабақтарында саралаудың жиі қолданылатындығына оқырмандар назарын аударамыз.

Сабақтың барлық кезеңдерін саралаудың қажеті жоқ. Көбінесе саралау тәсілі мақсат қою кезеңінде жүзеге асырылады, мұнда мұғалім әр білім алушының жұмысынан күтілетін нәтижені нақты анықтайды. Бұрын оқылған материалды жинақтау сатысында білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға болады.

Саралау тәсілін таңдау тапсырмалардың сипатымен, балалардың дағдылары мен білігін қалыптастыру деңгейімен, жаттығулардың мақсаттарымен және т.б. анықталады. Соған байланысты әртүрлі топтар үшін сараланған тапсырмалар жасалады. Мұғалім алдымен міндетті тапсырмаларды орындау керек екенін, содан кейін қиындық деңгейі бойынша саралау тапсырмаларын беру керектігін есте сақтауы керек.

Білім алушыларға саралау тәсілін жүзеге асыру.

Мұғалім сабаққа қажет кезеңде оқушыларға сараланған тапсырмаларды ұсынады. Кейбір жағдайларда оқушыларға жеке тапсырмалар беріледі, олардың кейбіреулерімен жеке жұмыс жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу жұмыстарын саралаудың өзі мақсатқа айналмау керек. Ең бастысы – білім алушылардың дамуын ынталандыру, олардың білімдерді, дағдыларды және білікті игеруі, сабақта балалардың психологиялық жайлылықты сезінуі.

Сараланған тапсырмаларды ұсыну формасы әртүрлі болуы мүмкін: жеке карточкалар, тақтаға жазылған екі-үш немесе одан да көп нұсқадағы жазбалар, ауызша нұсқаулар.

«Сабақта оқу жұмысын саралауды жүргізе отырып, сыныпта балалардың қарым-қатынасының қалыпты сипаты бұзылмауын қамтамасыз ету қажет. Әртүрлі топтағы оқушылардың өзара әрекеттесуі үшін жағдай жасау керек, оларды бір-біріне көмектесуге тарту қажет. Бұған (бұл оқу жұмысын саралауды жүзеге асырудың сипаты) фронтальды (жаппай), топтық және жеке жұмыс түрлерін әртүрлі (оңтайлы) үйлесімдікте жүйелі жүргізу көмектеседі». Мысалы, білім алушылар әртүрлі деңгейлі тапсырмаларды жеке-жеке орындайды, содан кейін үшінші топқа ұсынылған ең қиын тапсырмаларды жаппай тексереді.

Осылайша, сыныптағы барлық білім алушылар тапсырманы қалай орындау керектігін біледі, ал жаппай тексеру екінші және бірінші топтағы балалардың білімін байытады.

Білім алушылардың жұмыс нәтижелерін диагностикалық бақылау.

Саралауды қолданған кезде жедел кері байланыс маңызды. Диагностикалық бақылау негізінде мұғалім білім алушылардың жұмысты орындауын мұқият есепке алады (қателіктерін, қиындықтарын және т.б.), олардың даму динамикасын анықтайды.

Осыған сәйкес топтың немесе жұптың құрамы және сараланған тапсырмалардың сипаты өзгереді. Егер есеп бойынша, мысалы, екінші топтағы білім алушы репродуктивті тапсырмаларды оңай орындай алатындығын көрсетсе, келесі сабақта оған шығармашылық элементтері бар тапсырма, яғни үшінші топ білім алушылары орындайтын жаттығу ұсынылады.

Кейде кері үдеріс болуы мүмкін: білім алушы өз тобының тапсырмаларын шеше алмайды, ол уақытша әлсіз топқа ауысады. Бұл әртүрлі себептермен болады: ауырып қалуына байланысты сабақтарды жіберіп алуы, мұғалімнің 5-9 сынып білім алушысының білім деңгейін дәл анықтамауы және т.б.

Білім алушыларды сараланған жұмыс үшін топтарға бөлу бір реттік қана емес. Материалды игеруіне қарай бір топқа жататын білім алушыларға тапсырмалар күрделене түседі, сол арқылы олар әрбір келесі сабақта білім мен білікті игерудің жоғары деңгейіне жетіп, алға жылжиды.

Орта буын мектеп білім алушыларының оқу жұмысын саралау тәсілдері.

Саралау көбінесе, бұрын оқыған материалды бекіту және қайталау арқылы жүзеге асырылады, өйткені білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігі болады. Сондықтан сабақта бекіту кезеңінде қолданылатын саралау әдістерін толығырақ қарастырамыз.

Саралау тәсілдері мыналарды көздейді:

- Оқу тапсырмаларының мазмұнын саралау:
  - шығармашылық деңгейі бойынша;
  - қиындық деңгейі бойынша;
  - көлемі бойынша.

• Балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану, мұнда тапсырмалардың мазмұны бірыңғай болады, жұмыс төмендегідей сараланады:

- білім алушылардың өзіндік деңгейі бойынша;
- білім алушыларға көмек көрсету деңгейі мен сипаты бойынша;
- оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша.

Саралау тәсілдері бір-бірімен үйлесуі мүмкін, ал тапсырмаларды білім алушыларға өздері таңдау ұсынылады.

Әрбір тәсілді қарастырайық. Сондай-ақ, біз тәсілдің жалпы дидактикалық сипаттамасын бере отырып, оның орта мектеп білім алушыларына математиканы оқытуда қолданылу ерекшеліктерін көрсетеміз.

Оқу тапсырмаларын шығармашылық деңгейі бойынша саралау.

Оқу тапсырмаларын шығармашылық деңгейі бойынша саралау білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің әртүрлі сипатын көздейді: репродуктивті немесе продуктивті (шығармашылық).

Репродуктивті тапсырмаларға типтік жаттығулар жатады, мысалы, таныс түрдегі арифметикалық есептерді шешу, өрнектердің мәндерін есептеу, яғни өткен есептеу тәсілдерімен мысалдарды шешу, қарапайым теңдеулерді шешу және т.б.

Білім алушылардан алған білімді еске түсіру және оны таныс жағдайда қолдану, үлгі бойынша жұмыс істеу және оқу жаттығуларын орындау талап етіледі.

Продуктивті тапсырмаларға стандартты жаттығулардан өзгеше жаттығулар жатады. Білім алушылар білімін өзгерген немесе жаңа, беймәлім жағдайларда қолдана білуі керек, күрделі ақыл-ой әрекеттерін (ізденіс, түрлендіру және т.б.) орындауы, жаңа өнімді (тапсырмалар, теңдіктер немесе теңсіздіктер және т.б.) құруы керек. Продуктивті тапсырмалармен жұмыс жасау барысында білім алушылар шығармашылық іс-әрекетте тәжірибе жинақтайды.

Шығармашылық іс-әрекеттің келесі белгілері бөліп көрсетіледі:

- білім мен білікті жаңа жағдайға өздігінше ауыстыру;
- таныс жағдайда жаңа мәселені көре білу;
- объектінің жаңа функциясын көре білу;
- Іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін жаңасына өздігінше біріктіру;
- объектінің құрылымын көре білу;
- балама ойлау, яғни проблемалардың мүмкін шешімдерін, әртүрлі шешімдерді көре білу.

• Математика сабақтарында осы сипаттамаларды ескере отырып, продуктивті, шығармашылық тапсырмалардың келесі түрлері жиі қолданылады:

- заңдылықты іздеу;
- математикалық объектілерді жіктеуге арналған тапсырмалар;
- жетіспейтін және артық деректері бар тапсырмалар;
- берілген математикалық объектіні жаңасына айналдыру;
- зерттеу тапсырмалары;

- тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен орындау, ең ұтымды шешімді іздеу;
- тапсырмаларды, математикалық өрнектерді және т.б. өзiгiнше құрастыру, яғни жаңа өнiмдi жасау;
- тапсырмалар мен стандартты емес тапсырмалар.

Осы саралау жұмыстарының барлығында екiншi және үшiншi топ бiлiм алушылары iс-әрекеттер тәсiлiн жинақтауға (сандарды салыстыру әдiсi, есептеу әдiсi) келу керек, яғни оларға жоғары теориялық деңгейдегi тапсырма ұсынылады.

Бiлiм алушылардың өзiндiк деңгейi бойынша жұмысты саралау.

Бiлiм алушылардың өзiндiк деңгейi бойынша жұмысты саралау мазмұндық деңгейден емес, ұйымдастырушылық жағынан көрiнедi, яғни әртүрлi топ бiлiм алушыларына арналған оқу тапсырмаларында айырмашылықтар көзделмейдi. Барлық балалар бiрдей жаттығуларды орындайды, бiрақ кейбiреулерi мұғалiмнiң басшылығымен, ал басқалары өзiгiнен жасайды.

Әдетте, жұмыс былайша жүргiзiледi. Бағдарлау кезеңiнде бiлiм алушылар тапсырмамен танысады, оның мағынасы мен жазу ережелерiн түсiнедi. Осыдан кейiн балалардың бiр бөлiгi, көбiнесе, бұл үшiншi топ (оқығандық пен оқытылымның жоғары деңгейi бар бiлiм алушылар) тапсырманы өз бетiнше орындауға кiрiседi. Қалғаны мұғалiмнiң көмегiмен шешiмнiң әдiсiн немесе ұсынылған үлгiнi талдап, жаттығудың бiр бөлiгiн жаппай орындайды. Әдетте, бұл екiншi топ балалары үшiн (оқығандық пен оқытылымның орташа деңгейi бар бiлiм алушылар) әрiқарай өз бетiнше жұмыс iстеуiне жеткiлiктi. Ал, қиындықтарға тап болған бiлiм алушылар, көбiнесе бұл бiрiншi топ (оқу деңгейi төмен бiлiм алушылар), барлық тапсырманы мұғалiмнiң жетекшiлiгiмен орындайды. Тексеру кезеңi жұппен немесе үлгi бойынша жүргiзiлуi мүмкiн.

Осылайша, бiлiм алушылардың өзiндiк деңгейi әртүрлi болады. Үшiншi топ үшiн өзiндiк жұмыс, екiншi топ үшiн - жартылай өзiндiк, бiрiншi топ үшiн - оқытушының жетекшiлiгiмен жаппай жұмыс қарастырылады. Сонымен қатар, бiлiм алушылар тапсырманы өз бетiнше орындауды қай кезеңде бастау керектiгiн өздерi анықтайды. Қажет болса, олар кез-келген уақытта мұғалiмнiң жетекшiлiгiмен жұмыс iстеуге қайта орала алады.

Көмек дәрежесi бойынша саралау орта буын бiлiм алушысының жеке ерекшелiктерiн, оның оқу деңгейiн толығымен ескеруге мүмкiндiк бередi. Бiлiм алушыға жақын даму аймағын ескере отырып тапсырмалар ұсынылады.

«Л.С. Выготский жақын даму аймағы баланың ересектердiң басшылығымен және ақылды серiктестермен ынтымақтастықта шеше алатын мiндеттер шеңберiмен анықталады деп жазды» [5], яғни өз бетiнше емес, белгiлi бiр көмек көрсету арқылы.

Бұл әр бiлiм алушының даму болашағын анықтайды. «Бала бүгiн ынтымақтастықта жұмыс iстей алады, ол ертең өз бетiнше жұмыс жасай алады» [5].

Осылайша, бiлiм алушыларға жартылай көмек көрсету, оның көлемiн азайту немесе арттыру және оның сипатын өзгерту арқылы әр бiлiм алушының

өсу қарқынын, оқу материалын дамыту мен игерудің өзіндік траекториясын ескеруге болады.

Бағытталған көмек осы талаптарға толық жауап береді. Мұндай көмектің екі негізгі түрі бар.

«Көмектің бірінші түрі – көмекші тапсырмалар, дайындық жаттығулары түрінде» [5].

Оқу қабілеті төмен білім алушыларға алдымен қарапайым тапсырмалар ұсынылады, олардың орындалуы негізгі тапсырманы шешуге дайындалуға мүмкіндік береді.

Оқу қабілеті жоғары білім алушыларға бірден негізгі тапсырма беріледі, егер олар оны тез игерсе, қосымша тапсырма ұсынылуы мүмкін.

## 2 ШЖМ 5-9 сыныптарында сараланған тапсырмаларды құрастыру ерекшеліктері

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының шағын жинақты мектептерді дамыту орталығы ШЖМ педагогтарының арасында дифференциация түрлерін, тәсілдерін және амалдарын меңгеруіне сауалнама түрінде зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері жаңартылған оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтарды қолдауды жүзеге асыратын орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жұмыс істейтін мектеп директорлары мен директорлардың орынбасарларына арналған. Сауалнама үш блокқа біріктірілген сұрақтарды қамтыды. Респонденттің өзі туралы білім, қысқа мерзімді жоспарлау жүйесіндегі сараланған тапсырманың орны туралы білім, сараланған тапсырманы құрастыру және өткізу әдістері мен техникасы туралы білім, ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім беру үдерісін жүргізу және дифференциация жүргізу ерекшеліктері туралы, ШЖМ-де бірлескен сабақтарды дайындау және өткізу кезіндегі мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұны мен нысандары туралы білім. Зерттеудің мақсаты –білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін саралауды өткізу тәсілдерін түсіну, тағайындау және өткізу мәселелерінде педагогтардың қиындықтарының негізгілерін анықтау.

Зерттеу сырттай on-line форматта өтті. Сырттай зерттеуге республиканың барлық ауылдық және шағын жинақты мектептерінің педагогтары қатысты. Сауалнама жүргізу үшін 45 минут уақыт бөлінді. Сырттай on-line зерттеуге орыс тілінде оқытатын мектептерден 778 педагог және қазақ тілінде оқытатын мектептерден 436 педагог қатысты, оның ішінен 364 педагог біріктірілген сынып мектептерінен, ал 850 біріктірілген сыныптарда жұмыс істемейтін педагогтар. On-line зерттеудегі респонденттерде уақыт бойынша шектеу болған жоқ. Осы сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша осы жұмыстың екінші бөлімі жазылған, ол мектеп әкімшілігіне өз педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесе алады. Сырттай зерттеудің сұрақтары интернет-порталда орналастырылған:


<https://www.surveio.com/survey/d/W3B0L9U5R8E7Z6A5P>.

Жүргізілген зерттеуге талдау келтіреміз [9]. Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар үшін біз тек шағын жинақты мектеп педагогтарының жауаптарын іріктеп алдық. Зерттеуге әртүрлі жастағы және түрлі педагогикалық қызмет өтілі бар педагогтар қатысты. Олардың барлығын біріктіретіні ауылдық жерлерде өмір сүріп, еңбек ететіндігі. Сауалнаманың сұрақтары ұсынылған барлық сұрақтарды оқығаннан кейін респондент өз танымдарын кеңейте алатындай етіп немесе ұмытылған материалды саралау тәсілдері бойынша еске түсіре алатындай етіп құрылған. Сұрақтар келесі жауаптың дұрыстығын тексере алады, мысалы, № 6 сұраққа жауап, респонденттің №5 сұраққа қаншалықты дұрыс жауап бергенін тексерді. Барлық педагогтар өз аттарын жазды, яғни зерттеудің ашықтығын қамтамасыз етті. Талдауды біз бірінші сұрақтан бастауды шештік.

**1-сұрақ.** Сіз біріктірілген сыныптарда жұмыс істейсіз бе?(орыс тілінде оқытатын мектеп педагогтары)

<b>ИӘ</b>	<b>ЖОҚ</b>
289	489


№1 диаграмма



**2-сұрақ.** Сіз біріктірілген сыныптарда жұмыс істейсіз бе?( қазақ тілінде оқытатын мектеп педагогтары)

<b>ИӘ</b>	<b>ЖОҚ</b>
75	361

№2 диаграмма




